

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 13 » қазан 2022г. № 429

Қарағанды қаласы

город Караганда

Конкурсты өткізу туралы

"Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау және мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен, мектепке дейінгі, орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бірлескен бұйрық негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылдың 13 қазаннан 21 қазанға дейін "№53 мектеп-лицейі" КММ-де педагогтардың бос және уақытша бос лауазымына конкурс жариялансын. (Жауапты: Н. Хиса)
2. Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату үшін, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу үшін келесі құрамдағы комиссия сақталсын:
 - Н.Хиса - директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, төраға;
 - Г.Н. Сыздыкова – қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі;
 - Ж.У. Хамзина – директордың ОЖ жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - Н.Ю. Жуковская – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - Т.В. Ходко – директордың БО жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

3. Конкурстық комиссияның хатшысы болып орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Е. М. Перепелкина тағайындалсын.
4. А.Х. Имаева конкурстық комиссияның отырысын аудиобейнежазбамен сүйемелдесін және бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтасын.
5. Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы конкурсты ұйымдастыру тәртібін сақтасын:
 - тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жарияласын (жауапты: А.Х. Имаева);
 - конкурсты өткізу күні мен орнын айқындасын және конкурстық комиссияны қалыптастырсын (жауапты: А.Х. Имаева);
 - конкурсқа қатысуға ниет білдірген үміткерлерден құжаттарын қабылдасын (жауапты: А.Х. Имаева
 - үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарасын (Жауаптылар: комиссияның барлық мүшесі);
 - конкурстық комиссияның қорытынды отырысына (жауапты: Н.Хиса).
6. Конкурсты өткізу мерзімдері бекітілсін - 12 күн (яғни 7 жұмыс күні (13 қазаннан 20 қазанға дейін жексенбіден басқа) – құжаттарды қабылдау мерзімі; 5 жұмыс күні (24 қазаннан 28 қазанға дейін) – кандидаттардың құжаттарын қарау және конкурстық комиссияның қорытынды отырысы). (жауапты: Н. Хиса).
7. Конкурс нәтижелерін мектеп-лицейдің интернет-ресурсында, ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілетін күні орналастырғаны үшін жауапкершілік А.Х. Имаеваға жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік комиссия төрағасы Н. Хисаға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Садвакасова